

«№76 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ –нің № 1 кезектен тыс педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Қатысқандар: 46 педагог қызметкерлер
Кеңес төрағасы: Бегжанов О.И
Хатшы: Ильясова Б.Т
Өткізген күні: 30.04.2024 жыл

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Мектеп директоры Бегжанов О.И

Мемлекеттік аттестациядан өткізу үшін Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамсыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөнінде әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» №12 бұйрығын басшылыққа ала отырып, мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу керектігін және бағалау кезінде зерттеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып табылатынын атап өтті.

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқыту және білім беру;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген білім берудің тиіс деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) жалпы талаптарына сәйкестігіне ұсынылатын білім беру қызметтерін талдау жолымен жүзеге асырылады:

- 1) оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
- 2) тәрбиеленушілердің (білім алушылардың) оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі;
- 3) тәрбиеленушілердің (білім алушылардың) даярлық деңгейі;
- 4) оқу мерзімі.
- 5) МЖМБС жалпы талаптарын талдау кезінде бағалау өлшемшарттары пайдаланылады.

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген білім берудің тиіс деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын зерделеу кезінде «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» пайдаланылады.

2024 жылдың 02 мамыр – 01 тамыз аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып, өзін-өзі бағалау жұмысы келесі құрамда бекітілген комиссиямен өткізілетінін айтып, таныстырды.

1. Бегжанов Орынбасар Избасарович – мектеп директоры, комиссия төрағасы;
2. Аблаева Анаргуль Базарбаевна – директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі, комиссия мүшесі;
3. Жетруова Гульжан Кусмановна – директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасар ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;

- 4.Жұбаниязова Іңкәр Мерекеқызы – директорының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, тарих және құқық пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
 - 5.Султанов Мырзасейіт Жаксылыкович - директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
 - 6.Карагулова Зейнет Жаксылыковна – бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы, тарих пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
 - 7.Кайынбаева Гүлбану Кайынбаевна – бастауыш ӘБ жетекшісі, бастауыш класс мұғалімі, комиссия мүшесі;
 - 8.Түлегенова Гүлбақыт Бүйікытовна – информатика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
 - 9.Алдиярова Гүлжанат Канаровна – әлеуметтік педагог, музыка пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
 - 10.Қожабаева Гүлназ Жаксылыковна – мектеп психологі, комиссия мүшесі;
 - 11.Малсақбаева Гүлімай Шайжановна – кітапханашы, комиссия мүшесі;
 - 12.Килибаева Айлязат Хамитовна – бас есепші, комиссия мүшесі.
- Комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар берді.
Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңес шешім қабылдайтыны туралы ескертті.

Педагогикалық кеңестің күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес «№76 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне 2024 жылдың 02 мамыр – 01 тамыз аралығында мектеп өзін-өзі бағалау ұйымдастырылсын;
2. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына сәйкес білім беру ұйымы көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талабына сәйкестігі анықталсын;
3. Өзін-өзі бағалауды өткізу үшін комиссия құрамы бекітілсін, комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар берілсін;

Кенес төрағасы
Хатшы



Бегжанов О.И
Ильясова Б.Т